

Кезекшілік етуді ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бірінші орынбасарының өкімі 1994 жылғы 29 желтоқсан N 7-12

1. Өнеркәсіп орындары мен халықты газбен, энергиямен қамтамасыз

ету, көлік және байланыс жөнінде пайда болып отырған кезек күттірмейтін мәселелерді жедел шешу үшін:

министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар осы өкімнің күші жойылғанға дейінгі мерзімде демалыс және мереке күндерінде орталық аппараттарда жауапты қызметкерлердің тәулік бойы кезекшілік етуін ұйымдастырсын.

2. Белгіленген жауапты кезекшілер телефон /қалалық және үкіметтік/ байланысымен қамтамасыз етілсін.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары